| Пуховые вещи                                                                      | 1                                                                                                     | 01:30                  | ●                   | /             | ●      | ○            | ●           |
| Детская одежда                                                                    | 3                                                                                                     | 01:01                  | ○                   | ●             | ●      | /            | ●           |
| Подогрев одежды                                                                   | 2                                                                                                     | 00:40                  | ○                   | /             | ●      | ○            | ●           |
| Гигиена                                                                           | 3,5                                                                                                   | 01:39                  | ○                   | /             | ●      | /            | /           |
| Спортивная                                                                        | 3                                                                                                     | 01:07                  | ○                   | ●             | ●      | /            | ○           |
| Дистанционное управление                                                          | /                                                                                                     | /                      | /                   | /             | /      | /            | /           |

\* ) "Пайдаланушының қалауы бойынша" барлық температуралық режимдердің қолжетімді емес екенін білдіреді. Құрылғының дисплейіндегі ақпаратты қараңыз.

\*\* ) EN61121 тест бағдарламасының теңшелімдеріне сай, "Мақта" режимінде толық барабанды кептіру кезінде конденсатты ағызу құбыршегі арқылы сыртқа шығару ұсынылады. Осының арқасында кептіру барысында суды резервуардан ағызу талап етілмейді.

| Бағдарлама               | Максималды тиеу | Іш киім мен киімнің ұсынылатын түрлері                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------------|-----------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Хлопок                   | 7 кг            | Мақта мен зығырдан жасалған қызуға төзімді бұйымдарды кептіру үшін жарайды.                                                                                                                                                                                                       |
| Синтетика                | 3 кг            | Орташа температурада кептіруге болатын синтетикалық талшықтардан жасалған жейделер мен пальтоларға жарайды.                                                                                                                                                                       |
| Объемные вещи            | 3,5 кг          | Қызуға төзімді мақта мен зығырдан жасалған, сондай-ақ ақжаймалар мен сейсептер сияқты аралас материалдардан жасалған көлемді бұйымдарды кептіруге жарайды.                                                                                                                        |
| Шерсть                   | 2 кг            | Барабанда кептіруге болатын свитерлер мен басқа заттарды кептіруге жарайды. Кептіру уақытын таңдауға болады. Шамадан тыс кептіру ұсынылмайды. Әдеттегі тәсілмен кептіруге болмайтын жүн бұйымдарды кептіруге арналған сөреге салып, арнайы кептіру бағдарламасын таңдауға болады. |
| Пуховые вещи             | 1 кг            | Барабанда кептіруге болатын мамық курткаларды, кеудешелерді және басқа киімді кептіруге жарайды. Кептіру уақытын киімнің қалыңдығы мен салмағына қарай таңдауға болады.                                                                                                           |
| Подогрев одежды          | 2 кг            | Құрғақ киімді суық мезгілде жылытуға және жұмсартуға жарайды.                                                                                                                                                                                                                     |
| Смешанные ткани          | 5 кг            | қызуға төзімді мақтаны, жоғары температураға төтеп беретін басқа материалдар мен аралас маталарды кептіруге жарайды.                                                                                                                                                              |
| Детская одежда           | 3 кг            | Қызуға төзімді мақта балалар киімін кептіруге жарайды.                                                                                                                                                                                                                            |
| Сушка по времени         | /               | Заттарды барабанда уақыт бойынша кептіруге жарайды (жібекті, жүнді және үй тоқымасын қоспағанда). Кептіру уақытын заттардың салмағы мен ылғалдылығына қарай таңдауға болады.                                                                                                      |
| Деликатные ткани         | 1,5 кг          | Барабанда кептіруге болатын шифон жейделер сияқты жеңіл және жіңішке бұйымдарды кептіруге жарайды.                                                                                                                                                                                |
| Быстрая 30°              | 1 кг            | 30 минутта жылдам кептіру Кептіру уақытын өзгертуге болмайды.                                                                                                                                                                                                                     |
| Рубашки                  | 2 кг            | Мақтадан, зығырдан және полиэстер мен мақта қоспаларынан жасалған жейделерді тұрақты кептіруге жарайды. Ең жақсы әсер үшін аз мөлшердегі заттарды кептіру ұсынылады.                                                                                                              |
| Спортивная одежда        | 3 кг            | Қызуға төзімді мақтадан және оның қоспаларынан жасалған қалың жемпірлерді, спорттық киімді және т.б. кептіруге жарайды.                                                                                                                                                           |
| Гигиена                  | 3,5 кг          | Зарарсыздандыру функциясы бар осы режим мақта және зығыр материалдарға, сондай-ақ аралас матадарға жарайды. Алайда бұл режимде кептіру уақыты салыстырмалы түрде ұзақ.                                                                                                            |
| Дистанционное управление | /               | /                                                                                                                                                                                                                                                                                 |

## Күнделікті пайдалану



### 1 Құрылғыны дайындау

1. Құрылғыны қуат көзіне қосыңыз (220–240 В~/50 Гц) (5-1-сурет). «ОРНАТУ» бөлімін қар.
2. Келесілерге көз жеткізіңіз:

- суға арналған резервуар бос және дұрыс орнатылған (5-2-сурет).
- түкке арналған сүзгі тазартылған және дұрыс орнатылған (5-3 сурет);
- конденсатор сүзгісі тазартылған және дұрыс орнатылған (5-4 сурет).

### 2 Киімді дайындау

- Киімдерді мата типі бойынша сұрыптаңыз (мақта, синтетика, жүн және т.б.)
- Тек сығылған кірді кептіруге болады.
- Қалталардан кілттер, оттықтар және сіріңкелер сияқты өткір немесе оңай тұтанғыш заттарды шығарып тастаңыз. Танамоншақ сияқты қатты сәндік заттарды алыңыз.
- Сыдырмаларды бекітіңіз және түймелердің сенімді тігілгеніне көз жеткізіңіз. **Шұлық, бюстгальтер және т.б. сияқты ұсақ заттарды кір жууға арналған қапқа салыңыз.**
- Төсек жаймалар, дастархан және т. б. сияқты көлемді заттарды ашыңыз.
- Киім заттаңбасындағы нұсқауларды орындаңыз және тек машинада кептіруге жарамды киімдерді кептіріңіз.

## ҰСЫНЫМДАР:

- Ақ заттарды түрлі-түсті заттардан жеке кептіріңіз.
- Төсек жабдықтары мен жастық тыстарын ішіне ұсақ заттар тұрып қалмауы үшін түймелеп қою керек.
- Сыдырмалар мен ілмектерді жауып, металл бөлшектері жоқ бос белбеулерді, алжапқыш бауларын және т.б. байлап қойыңыз;
- Киімді кептіргішке салар алдында, металл түймелер сияқты берік бекітілмеген металл бөлшектерді алып тастаңыз.
- оңай күтім жасалатын кірді қатты құрғатпаңыз. Бұл қатпарлардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Заттардың ауада толығымен кебуіне мүмкіндік беріңіз.
- киім, мысалы, трикотаж, кейде тым кеуіп кетеді. Әрқашан «Үтіктеу үшін кептіру» деңгейін таңдау ұсынылады;
- Алдын ала кептірілген, көп қабатты киім үшін немесе толығымен кептіру үшін "Уақыт бойынша кептіру" бағдарламасын таңдау керек.

| Бұйымдардың салмағы бойынша анықтамалық ақпарат | Құрамы         | Бір бұйымның орташа салмағы |
|-------------------------------------------------|----------------|-----------------------------|
| Төсек жайма (бір адамдық)                       | Мақта          | Шамамен 800 г.              |
| Аралас маталы киімдер                           | /              | Шамамен 800 г.              |
| Пиджактар                                       | Мақта          | Шамамен 800 г.              |
| Джинс                                           | /              | Шамамен 800 г.              |
| Жұмыс киімі                                     | Мақта          | Шамамен 950 г.              |
| Пижама                                          | /              | Шамамен 200 г.              |
| Жейделер                                        | /              | Шамамен 300 г.              |
| Шұлықтар                                        | Аралас маталар | Шамамен 50 г.               |
| Футболкалар                                     | Мақта          | Шамамен 300 г.              |
| Іш киім                                         | Аралас маталар | Шамамен 70 г.               |

### 3 Кірді жүктеу

- Алдын ала сұрыпталған киімдерді жазып, машинаға салып жүктеңіз.
- Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз.
- Есігін абайлап жабыңыз. Ешқандай киімнің қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.

### 4 Кірді жүктеу

Киімді алу немесе салу үшін бағдарламаны кез келген уақытта үзуге болады:

- цикл есікті ашқан кезде үзіледі;
- Кірді шығару немесе қосу кезінде сақ болыңыз! барабанның ішкі бөлігі немесе кірдің өзі ыстық болуы мүмкін, бұл күйіп қалуға әкелуі мүмкін;
- Бағдарламаны жалғастыру үшін есікті жапқаннан кейін «Старт/Пауза» түймесін басыңыз.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тоқылмаған элементтер, сонымен қатар ұсақ, берік бекітілмеген және үшкір заттар киімнің және құрылғының бүлінуіне және зақымдануына әкелуі мүмкін.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Кептіру циклы аяқталғанға дейін машинаның жұмысын ешқашан тоқтатпаңыз. Барлық заттарды жылдам шығарған және жылуды тарату үшін іліп қойған жағдайда ғана бұны жасауға рұқсат етіледі.

### 5 Кептіру машинасына кірді жүктеу

1. Кептіру машинасын шамадан тыс жүктемей, кірді барабанға біркелкі салыңыз.
2. Машинаны қосу үшін тұтқаны (5-7-сурет) кез келген жаққа бұраңыз (ӨШІРУ-ден басқа). Тұтқаны бұру арқылы бағдарламаны таңдаңыз.



3. температура, кептіру дәрежесі, кейінге қалдырылған старт уақыты сияқты параметрлерді теңшеңіз. Осыдан кейін кептіру циклын іске қосу үшін «Старт/Пауза» түймесін (5-8 сурет) басу керек.

Старт/Пауза

5-8

6

## Кептіру циклын аяқтау

Кептіру машинасы кептіру циклы аяқталғаннан кейін автоматты түрде жұмысын тоқтатады. Дисплейде шамамен 5 секундқа «End» хабарламасы пайда болады. Кептіру машинасының есігін ашыңыз және киімді шығарыңыз.

1. Машинаны сөндіру үшін, тұтқаны Сөнд. қалпына бұраңыз (5-9 сурет).
2. Кептіру машинасының ашасын розеткадан (5-10 сурет) ажыратыңыз.


3. Әр кептіру циклінен кейін суды резервуардан төгіп тастаңыз (5-11-сурет).

4. Әр кептіру циклынан кейін түкке арналған сүзгіні тазалаңыз (5-12 сурет).

5. Әр кептіру циклынан кейін конденсатор сүзгісін тазалаңыз (5-13 сурет).




5-9



5-10



5-11



5-12



5-13

## Ресурстарды тұтыну

Жылу сорғысы бар конденсациялық кептіру машинасы жоғары энергия тиімділігімен ерекшеленеді. Бұл стандартты жағдайларда анықталған болжалды мәндер. Мәндер кернеудің жоғарылауына және төмендеуіне, матаның түріне, кептірілетін кірдің құрамына, матаның қалдық ылғалдылығына және жүктеме мөлшеріне байланысты көрсетілгендерден өзгеше болуы мүмкін.

| Хлопок/Белье бағдарламасы | Айналым жылдамдығы, айн/мин | Қалдық ылғалдылық, % | Уақыт, сағ:мин | Электр энергиясын тұтыну, кВт |
|---------------------------|-----------------------------|----------------------|----------------|-------------------------------|
| Шкаф үшін кептіру         | 1000                        | шамамен 60           | 3:15           | 1,86                          |
| Киюге дайын               | 1000                        | шамамен 60           | 3:00           | 1,69                          |
| Үтік астында кептіру      | 1000                        | шамамен 60           | 2:40           | 1,52                          |

## Экологиялық жауапты пайдалану

- Кептіру машинасына салмас бұрын кірді мүмкіндігінше құрғақ күйге дейін сығыңыз.
- Кептіру машинасын шамадан тыс жүктемеңіз.
- Кептіру машинасына салмас бұрын кірді қағыңыз.
- Тиісті кептіру бағдарламасын таңдаңыз. Кірді қажет болғаннан ұзағырақ кептірмеуді қадағалаңыз.
- Тазартылған сүзгілері бар кептіру машинасын қолданғаныңызға көз жеткізіңіз.

### 1 Крахмалданған киім

Крахмалданған киім барабанда крахмал қабықшасын қалдырады және кептіру машинасында қолдануға жарамайды.

### 2 Киім-кешекке арналған жұмсартқыш

Жуу кезінде кондиционерді пайдаланбаңыз, себебі кептіру машинасындағы кір жұмсақ және мамық болады.

### 3 Жұмсақ майлықтар

«Жұмсақ майлықтарды» пайдалану түкті кетіруге арналған сүзгілерде қақтың пайда болуына әкелуі мүмкін. Бұл сүзгілердің бітелуіне әкелуі мүмкін. Жұмсақ майлықтарды қосудан бас тартуды ұсынамыз. Қалай болғанда да, өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

### 4 Шағын жүктеу

Кірдің көлемі 1,0 кг-нан аз болса, «Сушка по времени» («Уақыт бойынша кептіру») бағдарламасын таңдаған жөн, өйткені кейде кішкене жүктеудің салдарынан кірдің құрғақтық деңгейін анықтау мүмкін емес.

### 5 Сервистік қақпақ

Жұмыс кезінде сервистік қақпақтың жабылғанына көз жеткізіңіз.

### 6 Қалған уақыт

Бағдарламаның ұзақтығына келесі факторлар әсер етеді: матаның түрі, жүктеме, сіңіру қабілеті, қажетті кептіру дәрежесі, сондай-ақ жуу кезінде сығу жылдамдығы. Бұл факторлар бағдарламаны орындау кезінде электроникамен тіркеледі және қалған уақыт сәйкесінше реттелетін болады.

### 7 Өте көлемді заттар

Егер цикл аяқталғаннан кейін қажетті кептіру деңгейіне қол жеткізілмесе, кірді жайластырып, оны «Сушка по времени» бағдарламасы бойынша қайтадан кептіріңіз.

### 8 Нәзік маталар

Кептіргішке бүктемелерді оңай қалыптастыратын немесе пішінін жоғалтатын маталардан тігілген бұйымдарды, сондай-ақ жібек шұлықтарды, іш киімдерді және т.б. салуға болмайды. Кептіру үшін «Деликатная» («Нәзік») немесе «Шерсть» («Жүн») бағдарламасын қолданыңыз, артық кептіруден аулақ болыңыз.

### 9 Тоқылған заттар және трикотаж

Киімді, мысалы, тоқылған заттар мен трикотажды шамадан тыс кептірмеу үшін «Деликатная» («Нәзік») бағдарламасын қолданған жөн.

## 10 Киімді аудару

Кептіру алдында шамадан тыс кептірмеу үшін сыдырманы жауып, киімді теріс айналдырған жөн.

## 11 Металл фурнитура

Егер киімде металл әшекейлер мен пластик шыртылдақтар қолданылса, барабанға соғылып, зақымдалмас үшін оларды кептірмес бұрын мұқият орап алу керек.

## 12 Дыбыстық сигнал

Дыбыстық сигнал келесі жағдайларда беріледі:

- суға арналған резервуар толған кезде;
- ақаулық болған жағдайда.


## Күтім бойынша нұсқаулар

| Кір жуу |                                                                              |  |                                                                      |
|---------|------------------------------------------------------------------------------|--|----------------------------------------------------------------------|
|         | 30 °C дейінгі температурада жуу, қалыпты режим                               |  | 30 °C дейінгі температурада жуу, қалыпты режим                       |
|         | 30 °C дейінгі температурада жуу, қалыпты режим                               |  | 40 °C дейін жуу, жұмсақ режим                                        |
|         | 30 °C дейінгі температурада жуу, қалыпты режим                               |  | 30 °C дейін жуу, жұмсақ режим                                        |
|         | 40 °C аспайтын температурада қолмен жуу                                      |  | Жууға болмайды                                                       |
| Ағарту  |                                                                              |  |                                                                      |
|         | Кез келген ағартқыш рұқсат етіледі                                           |  | Тек құрамында оттегі бар/хлорсыз ағартқышты қолдануға рұқсат етіледі |
|         |                                                                              |  | Ағартпаңыз.                                                          |
| Кептіру |                                                                              |  |                                                                      |
|         | Стандартты температура жағдайында барабанда кептіруге рұқсат етіледі         |  | Төмен температура жағдайында барабанда кептіруге болады              |
|         | Тік кептіру                                                                  |  | Көлденең кептіру                                                     |
|         |                                                                              |  | Барабанда кептірмеңіз                                                |
| Үтіктеу |                                                                              |  |                                                                      |
|         | 200 °C дейінгі максималды температурада үтіктеңіз                            |  | 150 °C дейін орташа температурада үтіктеңіз                          |
|         | 110 °C дейінгі төмен температурада үтіктеңіз; бусыз (бу киімді бұзуы мүмкін) |  | Үтіктеуге болмайды                                                   |

## 6. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

### Күтім және тазалау


6-1




6-2




6-3




6-4



6-5



6-6



6-7



6-8



1

#### Талшық сүзгісін тазалау

Әр кептіру циклынан кейін түкке арналған сүзгіні тазалаңыз.

1. Барабаннан талшық сүзгісін алыңыз (6-1-сур.).
2. Талшық сүзгісін ашыңыз (6-2-сур.).
3. Сүзгіден қалған талшықтарды алып тастаңыз (6-3-сур.).
4. Тазартылған талшық сүзгісін орнына қойыңыз (6-4-сур.).

2

#### Конденсатор сүзгісін тазалау

Әр кептіру циклынан кейін сүзгіні тазалаңыз.

1. Есікті ашыңыз (6-5-сур.).
2. Алдыңғы ауа өткізгіштен талшық сүзгісін алыңыз (6-6-сур.).
3. Ауа өткізгіштен конденсатор сүзгісін алыңыз (6-7-сур.).
4. Кеукті сүзгіні конденсатор сүзгісінен бөліп, оны қоқыстан тазалаңыз (6-8 сур.).
5. Кеукті сүзгіні конденсатор сүзгісіне орнатыңыз және оны ауа өткізгішке салыңыз.

### ЕСКЕРТУ

Егер конденсатор сүзгісі/түкке арналған сүзгі қатты ластанған болса, оны ағынды судың астында тазартуға болады.

Қолданар алдында оны толығымен құрғатыңыз.

### 3 Резервуардан суды төгу

Жұмыс кезінде бу суға арналған резервуарда жиналатын суға конденсацияланады. Әр кептіру циклынан кейін резервуардағы суды төгіп тастаңыз.

1. Суға арналған резервуарды корпустан алыңыз (6-9-сур.).
2. Резервуардан суды төгіңіз (6-10-сур.).
3. Суға арналған резервуарды кептіру машинасына орнатыңыз (6-11-сур.).



## ЕСКЕРТУ

Бұл суды ішу немесе тағамды пісіру үшін пайдаланбаңыз.

### 4 Барабан түріндегі кептіру машинасы

Кептіру машинасы мен басқару панелінің сыртын дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Құрылғыға зақым келтірмеу үшін қандай да бір органикалық еріткіштерді немесе коррозиялық белсенді заттарды қолданбаңыз.

### 5 Барабан

Біраз уақыт қолданғаннан кейін судағы кальций мен минералдар сияқты микроэлементтер барабанның ішінде көрінбейтін үлдір түзеді. Оны кетіру үшін аздап жуғыш заты бар дымқыл шүберекті пайдаланыңыз. Құрылғыға зақым келтірмеу үшін қандай да бір органикалық еріткіштерді немесе коррозиялық белсенді заттарды қолданбаңыз.

## 7. КЕРІ БАЙЛАНЫС

### Ақаулықтарды іздеу және жою

Көптеген туындаған мәселелерді арнайы білімсіз өз бетінше шешуге болады. Мәселе туындаған жағдайда, сервистік қызметке хабарласпас бұрын барлық мүмкін нұсқаларды тексеріп, төмендегі нұсқауларды орындаңыз. «Клиенттерге қолдау көрсету қызметі» бөлімін қар.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Техникалық қызмет көрсетуді бастамас бұрын машинаны өшіріп, қуат кабелінің ашасын розеткадан ажыратыңыз.
- Электрлік құрылғыға қызмет көрсетуді тек білікті электриктер ғана жүргізуі керек, себебі қате жөндеу біршама зақымдануларға алып келуі мүмкін.
- Электрлік қуат көзінің кабелі зақымдалған жағдайда, қауіпті болдырмау үшін оны дайындаушы, сервистік қызмет немесе ұқсас білікті персонал ауыстыруы тиіс.

### Дисплейдегі қате коды бойынша ақаулықтарды іздеу және жою

| Ақаулық                                                                   | Жою әдісі                                          |
|---------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------|
| Су резервуары толы, оны босатыңыз.                                        | Резервуарды босатыңыз.                             |
| F2: Дренаждық сорғының немесе су деңгейі релесінің ақаулығы.              | Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. |
| F32: Конденсатордың шығысында орналасқан температура датчигі зақымдалған. | Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. |
| F33: Компрессордың шығысында орналасқан температура сенсоры зақымдалған.  | Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. |
| F4: Қызып кету                                                            | Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. |
| FC2: Қуат көзі тақтасы мен дисплейдің істен шығуы.                        | Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. |
| FCO: Басқару модулінің іркілісі.                                          | Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. |
| FN: IOT конфигурациясын орындау мүмкін болмады.                           | Клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. |

Егер қате кодтары қабылданған шаралардан кейін де қайта пайда болса, құрылғыны өшіріп, электр қуатын ажыратып, клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

## Дисплейде қате кодынсыз ақауларды іздеу және жою

| Ақаулық                                                                        | Ықтимал себебі                                                                                                                                                                                                                                 | Ықтимал шешімі                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Кептіру машинасы жұмыс істемейді.                                              | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қуат көзімен байланыстың нашарлығы.</li> <li>• Электр қуатын өшіру.</li> <li>• Кептіру бағдарламасы орнатылмаған.</li> <li>• Құрылғы қосылмаған.</li> <li>• Есік тығыз жабылмаған.</li> </ul>         | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қуат көзіне қосылуды тексеріңіз.</li> <li>• Электрлік қуат көзін тексеріңіз.</li> <li>• Кептіру бағдарламасын орнатыңыз.</li> <li>• Құрылғыны қосыңыз.</li> <li>• Есікті дұрыс жабыңыз.</li> </ul>                                                            |
| Кептіру машинасы жұмыс істемейді және дисплейде «End» хабарламасы көрсетіледі. | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кір бағдарламамен орнатылған кептіру дәрежесіне жетті.</li> </ul>                                                                                                                                     | Бағдарламаның дұрыс бапталуын тексеріңіз.                                                                                                                                                                                                                                                              |
| Тым ұзақ кептіру уақыты және қанағаттанарлықсыз нәтиже.                        | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сүзгі бітеліп қалған.</li> <li>• Буландырғыш бітеліп қалған.</li> <li>• Кептіру машинасы шамадан тыс жүктелген.</li> <li>• Кір тым ылғалды.</li> <li>• Желдету арнасы бітелген.</li> </ul>            | <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағдарламаның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.</li> <li>• Сүзгі торын тазалаңыз.</li> <li>• Буландырғышты тазалаңыз.</li> <li>• Кірдің мөлшерін азайтыңыз.</li> <li>• Киімді толығымен сығыңыз.</li> <li>• Желдету арнасын тексеріп, тазалаңыз.</li> </ul> |
| Дисплейдегі қалған уақыт тоқтап қалады немесе біркелкі өзгермейді.             | <p>Қалған уақыт келесі факторларды ескере отырып үнемі түзетіліп отырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• мата типі;</li> <li>• жүктеу;</li> <li>• кірдің ылғалдылық дәрежесі;</li> <li>• қоршаған орта температурасы;</li> </ul> | Автоматты реттеу құрылғының қалыпты жұмысы барысында жүзеге асырылады.                                                                                                                                                                                                                                 |

## Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Біз «Хайер» компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер де сіз проблемаңыздың шешімін таба алмаған болсаңыз, мынаған жүгініңіз:

— біздің ресми дилерімізге немесе

— колл-орталыққа қоңырау шалыңыз:

8 (800) 070-01-29 (ҚР)

— <https://haieronline.kz> сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталыққа хабарласқанда паспорт тақтайшасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Моделі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_

Сатылған күні \_\_\_\_\_



Сонымен қатар, кепілдігінің және сатылғаны туралы құжапардың болуын тексеріңіз.

**Маңызды!** Кептіру машинасында сериялық нөмірінің болмауы өндіруші үшін кептіру машинасын сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдік қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Кептіру машинасынан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз бір өзгерістердің енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұдан әрі ескертусіз бұйымның дизайны мен жабдықтарына өзгерістер енгізуге құқылы.

Өнімді онда көрсетілген белгілерге сәйкес бастапқы орауышына тасымалдау және сақтау керек.

Жүктеу, түсіру және тасымалдау кезінде абай болыңыз.

Көлік құралы және коймасы сақтау өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауы керек.

## Кепілдік шарттары

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы таңдауыңыз үшін Сізге алғыс білдіреді, осы бұйымды пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда оның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс істейтініне кепілдік береді. Тұрмыста пайдалануға арналған тұрмыстық техника бұйымдарының ресми қызмет мерзімі: микротолқынды пештерге — 5 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, қалған тауарларға — бұйымды түпкілікті тұтынушыға берген күннен бастап 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет мерзімі ресми қызмет мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Үкілетті сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті сервистік орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier Корпорациясы бұйымның кемшіліктері анықталған жағдайда тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнамамен, басқа нормативтік актілермен бекітілген тұтынушылар талаптарын қанағаттандыру бойынша міндеттемелерді өзіне алғанын растайды. Алайда, Haier корпорациясы төменде сипатталған шарттар сақталмаған жағдайда бұйымға кепілдік беруден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

### Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Haier корпорациясы тауар тұтынушыға табыс етілген күннен бастап 12 ай\* кепілдік мерзімді орнатады. Үлгімал жаңсақтықтарға жол бермеу үшін қызмет мерзімі ішінде бұйымға сатылған кезде қоса тіркелетін құжаттарды (тауарлық чек, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) сақтап қойыңыз.

Кепілдік қызмет көрсетуді тек Haier-дің Үкілетті сервистік орталықтары ғана жүргізеді. Үкілетті сервистік орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

**8 (800) 070-01-29** — Қазақстан тұтынушылары үшін (Қазақстан өңірлерінен қоңырау шалу тегін)

немесе сайтта: <https://haieronline.kz> немесе электрондық пошта арқылы сұрау салу арқылы: [help@haieronline.kz](mailto:help@haieronline.kz).

Үкілетті сервистік орталықтарының деректері өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

### Кепілдікті қызмет көрсету ақаулықтары мыналар салдарынан туындаған бұйымдарға қолданылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау жағдайлары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды қате орнату, баптау және/немесе іске қосу;
- тоңазытқыш сұлбамен жұмыстар технологияларын және электрлік қосылуларды бұзу, сонымен қатар Бұйымды монтаждауға құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмеген;
- су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды пайдалану, сонымен қатар жуғыш құралдардың ұсынылған мөлшерлемесінен асып кеткенде;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланғанда;
- үшінші тұлғалардың әрекеттерінен: уәкілеттері жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе өндіруші рұқсат етпеген құрылымдық немесе сызбалы техникалық өзгерістерді енгізуі;
- Стандарттардан және қуат беру желілердің нормаларынан ауыту;
- еңсерілмейтін күш әрекеттерінен (апат, өрт, найзағай және т. б.);
- жазатайым оқиғалардан, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасқана немесе абайсыз әрекеттерінен
- бұйымның ішіне бөгде заттардың, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің, жәндіктердің тіршілік әрекеттерінің өнім- дерінің түсуінен пайда болған бұзылулар анықталса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толықтолтырылмаған бәгін қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

### Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсету мынадай жұмыс түрлеріне таралмайды:

- бұйымды пайдаланатын жерде орнату іске қосуға;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кеңес беруге;
- бұйымды сыртынан немесе ішінен тазартуға.

### Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсетуге төменде келтірілген шығын материалдары мен аксессуарлары жатпайды:

- кондиционерлерге арналған сүзгілер;
- кір және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілерге, суды жеткізу/ағызуға арналған құбыршектەرге;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған тәрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдықтар;
- басқару пульстері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қосымша тіркелетін құжаттама.

Бұйымға мерзімдік қызмет (сүзгілерді ауыстыру және т. б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша ақыға жүргізіледі.

**Маңызды!** Аспапта сериялық нөмірдің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіруге, және де, нәтиже ретінде, оған кепілдікті қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіруші тақтайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдікті міндеттемелерді орындаудан бас тартудың себебіне айналуы мүмкін..

\*Кір жуғыш/ кептіру/ ыдыс жуғыш машинаның инверторлық қозғалтқышына, тоңазытқыштың/ мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кептіру машинаның компрессорына кепілдік мерзімі — тауар тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Тікелей жетекті кір жуғыш/ кептіру машинаның қозғалтқышына (статор, ротор) өмір бойы кепілдік беріледі.

## 8. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

### Техникалық деректер

|                                                                                                                                              |                        |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
| Жеткізушінің атауы                                                                                                                           | Haier                  |
| Модельдің идентификаторы                                                                                                                     | HD70-A929E             |
| Номиналды жүктеме (кг)                                                                                                                       | 7                      |
| Кептіру технологиясы                                                                                                                         | Жылу сорғысы           |
| Энергия тиімділігінің класы                                                                                                                  | A+                     |
| Өлшенген жылдық энергия тұтыну (AEC, кВт·сағ/жыл) <sup>1)</sup>                                                                              | 273                    |
| Автоматты басқарумен немесе онсыз барабан түріндегі кептіру машинасы                                                                         | Автоматты басқарылатын |
| Стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасында кептіру кезінде электр энергиясының шығыны <sup>3)</sup> толық жүктеу кезінде (кВт·сағ/цикл)   | 2,3                    |
| Стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасында кептіру кезінде электр энергиясының шығыны <sup>3)</sup> ішінара жүктеу кезінде (кВт·сағ/цикл) | 1,1                    |
| Өшірілген күйіндегі тұтынылатын қуат (Вт)                                                                                                    | 1,75                   |
| Күту режимінде тұтынылатын қуат (Вт)                                                                                                         | 1,95                   |
| Күту режимінде болу ұзақтығы (мин) <sup>2)</sup>                                                                                             | 2                      |
| Стандартты кептіру бағдарламасы <sup>3)</sup>                                                                                                | Мақта                  |
| Стандартты кептіру бағдарламасының өлшенген уақыты <sup>3)</sup> толық және ішінара жүктеу кезінде (мин)                                     | 155                    |
| Стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасының ұзақтығы <sup>3)</sup> толық жүктеу кезінде (мин.)                                             | 170                    |
| Стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасының ұзақтығы <sup>3)</sup> ішінара жүктеу кезінде (мин.)                                           | 106                    |
| Конденсация тиімділігі класы <sup>4)</sup>                                                                                                   | B                      |
| Стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасы үшін өлшенген конденсация тиімділігі <sup>3)</sup> толық және ішінара жүктеу кезінде (%)          | 82                     |
| Стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасы үшін орташа конденсация тиімділігі <sup>3)</sup> толық жүктеу кезінде (%)                         | 82                     |
| Стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасы үшін орташа конденсация тиімділігі <sup>3)</sup> ішінара жүктеу кезінде (%)                       | 82                     |
| Стандартты «Хлопок» («Мақта») бағдарламасы үшін дыбыстық қуаттың өлшенген деңгейі <sup>3)</sup> толық жүктеу кезінде (дБ)                    | 64                     |
| Орнату түрі                                                                                                                                  | Бөлек тұратын          |

жүктеу кезінде, сондай-ақ төмен энергия тұтынатын режимдерде тұтыну. Циклдің нақты энергия тұтынуы құрылғының қалай пайдаланылатынына байланысты.

<sup>2)</sup> Электр энергиясын басқару жүйесі болған жағдайда.


<sup>3)</sup> Толық және ішінара жүктеу кезінде қолданылатын бұл бағдарлама жапсырмадағы және техникалық деректер парағындағы ақпаратты қамтитын стандартты кептіру бағдарламасы болып табылады. Бағдарлама мақтадан жасалған кәдімгі дымқыл кірді кептіруге жарамды және энергияны тұтыну тұрғысынан ең тиімді болып табылады.

<sup>4)</sup> C класы ең нашар тиімділікті болады, ал A класы - анағұрлым тиімді болады.


## Қосымша мәліметтер

|                                                                                     |                                       |
|-------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------|
| Номиналды кернеу / номиналды жиілік / номиналды ток /<br>номиналды тұтынылатын қуат | 220–240 В / 50 Гц /<br>2,8 А / 650 Вт |
| Қоршаған ортаның рұқсат етілген температурасы                                       | +5 °C - +35 °C                        |
| Тоңазытқыш агент                                                                    | R290                                  |
| Тоңазытқыш агенттің массасы                                                         | 0,105 кг                              |

## Құрылғының өлшемдері



АЛДЫНАН ҚАРАҒАНДАҒЫ  
КӨРІНІСІ



ҚАБЫРҒА  
ЖОҒАРЫДАН

ҚАРАҒАНДАҒЫ  
КӨРІНІС

| ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ӨЛШЕМДЕРІ |                                                                                          | HD70-A929E |
|----------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| A                    | Құрылғының жалпы биіктігі, мм                                                            | 850        |
| B                    | Құрылғының жалпы ені, мм                                                                 | 595        |
| C                    | Құрылғының жалпы тереңдігі (басқару панеліне дейін), мм                                  | 453        |
| D                    | Құрылғының жалпы тереңдігі, мм                                                           | 513        |
| E                    | Жүктеу люгінің есігі ашық кездегі құрылғының тереңдігі, мм                               | 988        |
| F                    | Есігі еркін ашылу үшін машина мен көрші қабырға арасындағы саңылаудың минимал көлемі, мм | 156        |

Ескерту: машинаңыздың нақты биіктігі оның негізіндегі аяқтардың қаншалықты бұралғанына байланысты. Сіз машинаны орнататын кеңістік оның өлшемінен кем дегенде 40 мм кеңірек және 20 мм тереңірек болуға тиіс.

**Haier**





# Haier

**RU**

**Изготовитель:**

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

**Уполномоченная организация / импортер:**

ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.

**Уполномоченная организация в Республике Казахстан:**

ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

Дата изготовления и гарантийный срок указаны на этикетке устройства

**Сделано в Китае**

**KZ**

**Өндіруші:**

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рым S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

**Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:**

«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Шығарылған күн мен кепілді мерзімдік құрылыстың жапсырмасында көрсетілген

**Қытайда жасалған**

# EAC



0180502778